Бекітілді
КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университеті»
Директорлар Кеңесінің шешімі
№ 3 хаттама 22 сәуір 2021 ж.

*(№6 хаттама, 24.06.2021 ж.
өзгерістермен)
(№9 хаттама, 30.11.2021 ж.
өзгерістермен)*

КЕАҚ «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне» жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2021 ж.

I. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына (бакалавриат) қабылдау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығымен «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде әзірленген.

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне білім алушыларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

3. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

4. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғаларға және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға егер олар осы деңгейде бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде университетке қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

5. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне білім алушылар контингентін қалыптастыру республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

6. *(6-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

(6-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №9 хаттамасына сәйкес).

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді

қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша – кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні бойынша және (немесе) әр шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – **кемінде 35 балл,** оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның екі нәтижесінің бірімен қатыса алады.

6-1. SAT (ЭсЭйТи – САТ), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және немесе осы Ереженің I.3-қосымшасына сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады. SAT (САТ) балдарын ҰБТ-ға ауыстыру SAT reasoning (САТ ризонинг) және SAT subject (САТ сабджект) сертификаттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Бұл ретте SAT subject (САТ сабджект) нәтижелерін ҰБТ балына ауыстыру бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі.

7. Университет Білім туралы Заңның 43-1-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Заңның 26-бабының 8 және 9-тармақтарында көрсетілген түсушілерді қоспағанда, қабылдау тәртібін, нысанын, қосымша емтихан өткізу бағдарламасын және (немесе) даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, түсушілер үшін өту балын айқындайды.

Түсушілер осы Ереженің 6-тармағында белгіленген балдарға сәйкес қабылдау комиссиясына қосымша емтиханға қатысуға өтініш береді.

Түсуші қосымша емтиханнан өткен және (немесе) белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда университетке қабылданады.

Қосымша емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін университеттің басқарға төрағасы- ректорының бұйрығымен емтихан өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Қосымша емтиханды өткізу нысанын университет өзі белгілейді.

Қосымша емтихан өткізу бағдарламасын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Қосымша емтихан кестесін (емтихан өткізу нысаны, өткізу күні, уақыты және орны, кеңес беру уақыты) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді

және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін қашықтықтан (WhatsApp, әлеуметтік желі беттері, электрондық пошта) оқуға түсушілерге жеткізіледі.

Қосымша емтиханға қатысу үшін өтінішті қабылдау, сондай-ақ оны өткізу күнтізбелік жылдың 01-20 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

«Орта буын маманы» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар университетке қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Жоғары білімнің мәндес білім беру бағдарламалары топтары мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтарының сәйкестік тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

9. Университеттің басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына университет проректорлары, институт директорлары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлімшесі басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы тақ саннан тұрады және университеттің басқарма төрағасы - ректоры қабылдау комиссиясының төрағасы болып табылады. Университеттің басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысын тағайындайды. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Университетке оқуға түсушілерден құжаттар қабылдау үшін университеттің басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясының техникалық хатшылары құрамы бекітіледі.

Бұл ретте, ЖЖОКБҰ келесі жағдайларда:

1) білім саласындағы уәкілетті орган білім беру қызметімен айналысуға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата тұру, қайтарып алу және күшін жою туралы шешім қабылдағанда;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда аккредиттеу тоқтап тұрғанда, қайтарғанда немесе жарамдылық мерзімі өткенде;

3) мемлекеттік бақылау нәтижесі және (немесе) оның қорытындысы бойынша сот ісі кезеңінде өрескел қате анықталғанда;

4) тиісті білім беру бағдарламаларының тобына Білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламалары реестрінде білім беру бағдарламасы болмағанда немесе алынып тасталғанда қабылдауды іске асырмайды.

10. *(10-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Университетке оқуға қабылдау төмендегі білім беру бағдарламалары топтары ҰБТ-ның өту балы бойынша жүргізіледі:

БББ топтары ның нөмері	**Білім беру бағдарламалары топтарының атауы**	**№**	**БББ коды**	**БББ-ның атауы**	**ҰБТ-ның өту балы**	
					То лық	**Қысқар тылған**
6В01 Педагогикалық ғылымдар						
В001	Педагогика және психология	1	6В01101	Педагогика және психология	75	35
В002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	2	6В01202	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	75	35
В003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	3	6В01303	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	75	35
В004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	4	6В01404	Бастапқы әскери дайындық	75	35
В005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	5	6В01405	Дене шынықтыру және спорт	75	35
В006	Музыка мұғалімдерін даярлау	6	6В01407	Музыкалық білім	75	35
В007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	7	6В01409	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	75	35
В009	Математика мұғалімдерін даярлау	8	6В01510	Математика	75	35
		9	6В01511	Математика-Информатика	75	35
В010	Физика мұғалімдерін даярлау	10	6В01512	Физика мұғалімдерін даярлау	75	35
		11	6В01513	Физика-Информатика	75	35
В011	Информатика мұғалімдерін даярлау	12	6В01514	Информатика	75	35
В012	Химия мұғалімдерін даярлау	13	6В01515	Химия	75	35
		14	6В01516	Химия-Биология	75	35
		15	6В01583	Химия (ағылшын)	75	35
В013	Биология мұғалімдерін даярлау	16	6В01517	Биология	75	35
В014	География мұғалімдерін даярлау	17	6В01518	География	75	35
В015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	18	6В01619	Тарих	75	35
В016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	19	6В01721	Қазақ тілі мен әдебиеті	75	35

В017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	20	6В01722	Орыс тілі мен әдебиеті	75	35
		21	6В01784	Орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті		
В018	Шетел тілі мұғалімдерін даярлау	22	6В01723	Шетел тілі: екі шетел тілі	75	35
6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар						
В021	Орындаушылық өнер	23	6В02128	Дәстүрлі музыка өнері	50	25
В028	Хореография	24	6В02130	Хореография	50	25
В031	Сән, дизайн	25	6В02132	Дизайн	50	25
В034	Тарих және археология	26	6В02234	Археология және этнология	50	25
В036	Аударма ісі	27	6В02335	Аударма ісі	50	25
В037	Филология	28	6В02336	Қазақ филологиясы	50	25
6В03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат						
В042	Журналистика және репортер ісі	29	6В03238	Журналистика (Телерадио)	50	25
6В04 Бизнес, басқару және құқық						
В044	Менеджмент және басқару	30	6В04139	Мемлекеттік және жергілікті басқару	50	25
		31	6В04140	Экономика	50	25
В045	Аудит және салық салу	32	6В04141	Есеп және аудит	50	25
В046	Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	33	6В04143	Қаржы	50	25
В049	Құқық	34	6В04245	Құқықтану (азаматтық құқық)	50	25
		35	6В04246	Құқықтану (Қылмыстық құқық)	50	25
6В05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика						
В051	Қоршаған орта	36	6В05283	Экология және табиғатты пайдалану	50	25
6В06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар						
В057	Ақпараттық технологиялар	37	6В06149	Ақпараттық жүйелер	50	25
		38	6В06150	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	50	25
В058	Ақпараттық қауіпсіздік	39	6В06152	Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері	50	25
6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары						
В060	Химиялық инженерия және процестер	40	6В07154	Органикалық заттардың химиялық технологиясы	50	25
В062	Электр техникасы және энергетика	41	6В07155	Электр энергетика	50	25

B064	Механика және металл өңдеу	42	6B07158	Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)	50	25
B065	Автокөлік құралдары	43	6B07159	Көлік техникасы және технологиялар	50	25
B068	Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	44	6B07260	Азық-түлік өнімдерінің технологиясы	50	25
B071	Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	45	6B07261	Мұнай газ ісі	50	25
		46	6B07262	Тау-кен ісі	50	25
		47	6B07263	Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау	50	25
		48	6B07264	Пайдалы қазбаларды байыту	50	25
B074	Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	49	6B07365	Құрылыс	50	25
		50	6B07366	Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру	50	25
		51	6B07367	Инженерлік жүйелер және желілер	50	25
B075	Кадастр және жерге орналастыру	52	6B07368	Кадастр	50	25
		53	6B07369	Жерге орналастыру	50	25
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар						
B077	Өсімдік шаруашылығы	54	6B08171	Агрономия	50	25
B078	Мал шаруашылығы	55	6B08272	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	50	25
B082	Су ресурстары және суды пайдалану	56	6B08674	Су ресурстары және суды пайдалану	50	25
		57	6B08675	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау	50	25
B183	Агроинженерия	58	6B08773	Аграрлық техника және технология	50	25
6B11 Қызмет көрсету						
B091	Туризм	59	6B11177	Туризм	50	25
B094	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	60	6B11279	Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау	50	25
B095	Көлік қызметтері	61	6B11380	Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру	50	25
B096	Әлеуметтік жұмыс	62	6B10276	Әлеуметтік жұмыс	50	25

2. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

11. Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде "Педагогика ғылымдары" білім беру саласы бойынша оқуға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

12. *(12-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін университеттің басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссияның құрамына профессорлық-оқытушылық құрамның қатарынан ЖЖОКБҰ өкілдері, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. "Өнер" және "Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау" даярлау бағыттары бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған адамдар да кіреді.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Шығармашылық емтихандар бойынша комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Шығармашылық емтихандар бойынша комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

13. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу білім бағдарламалары топтары бойынша осы Ереженің I.1-қосымшасына сәйкес Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін университеттің қабылдау комиссиясына электронды түрде мынадай құжаттарды тапсырады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатын (төлнұсқа);

2) 3 х 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосуретін;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

4) ҰБТ сертификатын (бар болса);

5) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген

спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесін (бар болса).

14. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің шығармашылық білім беру бағдаламалары топтарына шығармашылық емтихан тапсыру үшін оқуға түсушілерден өтініштер қабылдау комиссиясына күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 7 шілде аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 8 - 13 шілде аралығында өткізіледі.

15. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы Ереженің I.2-қосымшасына сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны белгіленген.

16. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілерден құжат қабылдау және арнаулы емтихан өткізу университеттің қабылдау комиссиясында күнтізбелік жылғы 20 маусымнан – 24 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

17. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші адамдар шығармашылық емтихандарды Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

18. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласына университетке түсуші адамдар қабылдау комиссиясы өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша университетке оқуға түсуші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдары ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша университетке оқуға түсуші адамдар үшін жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

19. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламалары университетте әзірленеді және университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

20. *(20-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және университеттің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

21. Оқуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін дәрісханаға жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

22. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

23. *(23-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

24. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосымен, шығармашылық емтихандар бойынша комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Шығармашылық емтихандар бойынша комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

25. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

26. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша сәйкес оқуға түсушіге қабылдайтын ЖЖОКБҰ-ға ұсыну үшін университеттің қабылдау комиссиясы ведомостан үзінді береді.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

27. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында университеттің басқарма төрағасы- ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол апелляциялық комиссия төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

28. Апелляцияға өтініштi апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

29. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

30. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде оқуға қабылдау үшін арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның қорытындысын арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

3. Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу

31. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына» сәйкес Ұлттық бірыңғай тестілеу:

1) қалауы бойынша ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушыларына;

2) қалауы бойынша республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін немесе республикалық бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін орта білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы бітірушілеріне;

3) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін орта білім беру ұйымдарының өткен жылғы бітірушілері мен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне;

4) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін жоғары білімнің қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілеріне;

5) республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдану үшін мен шетелде білім алған орта білім беру ұйымдарының бітірушілері мен шетелде білім алған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ адамдарға;

6) ЖЖОКБҰ-ға күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылдау үшін ҰБТ нәтижесі бойынша шекті балл алмаған, ҰБТ нәтижелері жойылған, бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар тұлғаларды күнтізбелік жылы ақылы негізде одан әрі қабылдау үшін;

7) ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғаларға өткізіледі;

8) ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде басқа білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғаларға өткізіледі.

32. Қағаз және (немесе) электрондық форматтағы ҰБТ-ға қатысу үшін мүгедек балалар және мүгедектер (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 44 бұйрық) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған кезде мемлекеттік комиссия төрағасының атына:

1) жеке аудиторияның;

2) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедек балалар және мүгедектер үшін ҰБТ шеңберінде тапсырылатын пәндердің мұғалімі болып табылмайтын көмекші және (немесе) көру функциялары бұзылған мүгедек балалар және мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманның қажеттілігі туралы еркін нысандағы қосымша өтініш бере алады.

33. ҰБТ қағаз немесе электрондық форматта Ұлттық тестілеу орталығымен ҰБТӨП базасында немесе базалық ЖЖОКБҰ-да немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ұйымдарда өткізіледі.

34. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарының түсушілерін қоспағанда, түсушілер Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі) және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарына түсуші тұлғалар Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша ҰБТ тапсырады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламалары тобына ауысатындарды қоспағанда, шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар екі бейіндік бойынша ҰБТ тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарынан ауысатындарды қоспағанда, басқа білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі) және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ тапсырады.

35. Түсушілер ҰБТ-ны қалауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілінде тапсырады.

Бұл ретте ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсыратын түсушілер үшін Қазақстан тарихы бойынша тестілеу қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде өткізіледі.

36. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының ұқсас бағыттарына оқуға түсушілер үшін ҰБТ олардың қалауымен қазақ немесе орыс тілінде жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша өткізіледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының ұқсас бағыттарына оқуға түсушілер үшін ҰБТ арнайы пән бойынша өткізіледі.

37. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының ұқсас бағыттарына оқуға түсушілерді қоспағанда орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін ҰБТ тест тапсырмаларының саны:

1) Қазақстан тарихы бойынша – 15;

2) математикалық сауаттылық бойынша – 15;

3) оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша – 20;

4) бірінші бейіндік пән бойынша – 35;

5) екінші бейіндік пән бойынша – 35.

Ұлттық бірыңғай тестілеудің бейіндік пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының 1-қосымшасына сәйкес белгіленген.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім алушы және басқа білім беру бағдарламалары тобына ауысуға ниет білдірген тұлғалар үшін ҰБТ тест тапсырмаларының саны:

1) бірінші бейіндік пән бойынша – 35;

2) екінші бейіндік пән бойынша – 35.

38. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ-ның тест тапсырмаларының саны:

1) жалпы кәсіптік пән бойынша - 20;

2) арнайы пән бойынша - 40.

Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеудің жалпы кәсіптік және арнайы пәндері көрсетілген білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес белгіленген.

39. Электрондық форматтағы ҰБТ-ға қатысу үшін құжаттар қабылдау онлайн режимде мынадай кезеңдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 15 және 31 желтоқсан аралығында осы Ереженің 31-тармағының 1), 6), 7), және 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін;

2) күнтізбелік жылғы 20 ақпан мен 10 наурыз аралығында осы Ереженің 31-тармағының 1) және 6) тармақшасында көрсетілген адамдар үшін;

3) күнтізбелік жылғы 26 наурыз мен 10 маусым аралығында осы Ереженің 31-тармағының 2), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін;

4) күнтізбелік жылғы 15 шілде мен 30 шілде аралығында осы Ереженің 31-тармағының 2), 3), 5), 6), 7), және 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін өткізіледі.

Электрондық форматтағы ҰБТ-ға қатысу үшін онлайн режимде өтініш беру кезінде түсуші тестілеу күнін және уақытын таңдай алады.

40. Электрондық форматтағы ҰБТ мынадай мерзімдерде өткізіледі:

1) күнтізбелік жылғы 10 қаңтар мен 10 ақпан аралығында осы Ереженің 31-тармағының 1), 6), 7), және 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін, бұл ретте түсушілерге көрсетілген кезеңде 1 (бір) реттен артық емес ҰБТ-ны тапсыруға мүмкіндік беріледі;

2) күнтізбелік жылғы 1-31 наурыз аралығында осы Ереженің 31-тармағының 1), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін, бұл ретте түсушілерге көрсетілген кезеңде 1 (бір) реттен артық емес ҰБТ-ны тапсыруға мүмкіндік беріледі;

3) күнтізбелік жылғы 1 сәуір мен 30 маусым аралығында осы Ереженің 31-тармағының 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін, бұл ретте түсушілерге көрсетілген кезеңде 2 (екі) реттен артық емес ҰБТ-ны тапсыруға мүмкіндік беріледі;

4) күнтізбелік жылғы 10-20 тамыз аралығында осы Ереженің 31-тармағының 2), 3), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген адамдар үшін, бұл ретте түсушілерге көрсетілген кезеңде 1 (бір) реттен артық емес ҰБТ-ны тапсыруға мүмкіндік беріледі.

41. ҰБТ ұзақтығы - 240 минут (4 сағат).

Тестілеудің 60 минуты өткеннен кейін көзге арналған жаттығулар және дене жаттығуларына арналған 2 минут көлемінде үзіліс жүзеге асырылады.

120 минут тестілеу аяқталғаннан кейін 15 минут көлемінде үзіліс беріледі.

180 минут тестілеу аяқталғаннан кейін 3 минут көлемінде үзіліс беріледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсушілер үшін тестілеу ұзақтығы – 65 минут.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша ЖЖОКБҰ – ның білім алушылары және басқа білім беру бағдарламалары топтарына ауысқысы келетіндер үшін тестілеу ұзақтығы-130 минут.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ-ға 120 минут (2 сағат) бөлінеді.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас даярлау бағыттары бойынша түсушілер үшін-80 минут.

42. ҰБТ нәтижелері тестілеу аяқталғаннан кейін беріледі, сондай-ақ тестілеу нәтижелері www.testcenter.kz сайтында жарияланады.

Электрондық сертификат Ұлттық тестілеу орталығының электронды-цифрлық қолымен расталған ҰБТ-ның әрбір пәні бойынша баллдары көрсетілген ҰББДҚ ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерден тұрады.

43. *(43-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін (ағылшын) меңгергенін растайтын: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Институшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) - кемінде 310 балл), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Институшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл – 79-ден кем емес), (TOEFL (ТОЙФЛ) шекті балл –567 баллдан кем емес), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС), шекті балл – 6.0 баллдан кем емес) халықаралық сертификаттары бар адамдар қалауы бойынша "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пән бойынша тестілеу тапсырудан босатылады.

Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын) бойынша тест тапсырғандығы туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюждет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін өтініш беру кезінде, сондай-ақ университетке ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері үшін 45 балл; қысқартылған оқу мерзімін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін 50 балл есептеледі.

Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын) бойынша балл ҰБТ сертификатында көрсетілмейді.

Ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығын республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру конкурсына өтініш берген немесе университетке ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде қабылдау комиссиясы тексереді.

44. *(44-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

ҰБТ бойынша ең жоғары балл – 140 балл.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобына түсетін тұлғалар үшін ҰБТ бойынша ең жоғары балл – 125 балл.

45. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ бойынша ең жоғары балл - 70 балл.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін және шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін ҰБТ бойынша ең жоғары балл – 70 балл.

4. Мемлекеттік білім беру грантын тағайындау тәртібі

46. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 Қаулысымен бекітілген "Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларына сәйкес "Бакалавр" дәрежесі берілетін жоғары білім алуға ақы төлеу үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттары (бұдан әрі – жоғары білімнің білім беру гранттары) оқуға түсушілер мәлімдеген білім беру бағдарламалары топтарының кезектілігіне сәйкес білім беру грантын беру туралы куәлік беріліп, Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) нәтижелеріне сәйкес білім беру бағдарламаларының нақты топтары бойынша конкурстық негізде беріледі.

Жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсында Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша, екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтарына түсушілер үшін жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсында Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар және екі шығармашылық емтиханның нәтижелері ескеріледі.

Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарына түсушілерді қоспағанда, жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсында оқытудың қысқартылған мерзімі көзделетін жоғары білімнің ұқсас білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім беру бағдарламалары топтарына түсушілер үшін жалпыкәсіптік пән және арнайы пән бойынша балдар ескеріледі.

Жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсында оқытудың қысқартылған мерзімі көзделетін және шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің ұқсас білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім беру бағдарламалары топтарына түсушілер үшін арнайы пән бойынша балдар және шығармашылық емтихан нәтижесі ескеріледі.

Оқытудың қысқартылған мерзімі көзделетін жоғары білімнің ұқсас білім беру бағдарламалары топтарының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

47. Жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) қабылдау комиссиясына және (немесе) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішті береді.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және тиісінше мамандық бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.

48. Жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші өтініште өзі таңдаған жоғары білімнің беру бағдарламаларының тобын және ЖЖОКБҰ-ны көрсетеді.

Бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда оқуға түсуші білім беру бағдарламаларының төрт тобына дейін көрсете алады.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу үшін өтініштер 13-20 шілде аралығында қабылданады.

49. Шет тілдегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде нотариат куәландырған аудармасымен ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификатталады.

50. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар азаматтар, мүгедек балалар, сондай-ақ бала кезінен мүгедектер университеттің қабылдау комиссиясына және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы таңдаған мамандығы бойынша білім алуға қарсы айғақтардың жоқ екені туралы медициналық қорытындыны береді.

51. Балдар тең болған болған жағдайда, осы Ереженің 54-тармағында көрсетілген жоғары білімнің білім беру грантын беруге басым құқығы бар оқуға түсушілер университеттің қабылдау комиссиясына осы құқықты растайтын құжатты тапсырады.

52. *(52-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу үшін қысқартылған оқу мерзімдері көзделетін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша:

– ұлттық ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 65 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл, "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Ветеринария" білім беру салалары бойынша – кемінде 60 балл;

– басқа ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Бұл ретте ҰБТ-ның және (немесе) шығармашылық емтиханның әрбір пәні бойынша кемінде 5 балл жинау қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқытудың қысқартылған мерзімі көзделетін жоғары білім кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға жоғары білімнің білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған тұлғалар жіберіледі.

53. Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларына түсушілер жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа бір білім беру бағдарламасының тобы бойынша қатысады және өтініште шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ны көрсетеді.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламаларына түсушілер және арнайы емтиханнан өтіп, рұқсат алғандар білім беру грантын беруге арналған конкурста ЖЖОКБҰ және арнайы емтиханды тапсыру орнына қарамастан, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының төрт тобын таңдау құқығына ие.

54. Білім беру грантын алуға арналған конкурс өткізілген кезде, сондай-ақ жоғары білім кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау кезінде балдар тең болған жағдайда басым құқық мынадай кезектілік бойынша беріледі:

1) "Алтын белгі" белгісімен марапатталған тұлғалар;

2) патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградталған адамдардың;

3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар;

4) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтар олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер,

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдар.

Бұл ретте балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру гранттары аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары жоғары тұлғаларға беріледі.

Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балдары ескеріледі.

55. Жоғары білімнің білім беру грантын беру бойынша басым құқық болмағанда, балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары жоғары тұлғаларға беріледі.

Балдардың көрсеткіштері бірдей және басым құқығы болмаған кезде, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балы бірдей болғанда бейіндік пәндер бойынша алған балдары ескеріледі.

56. *(56-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар, бала кезінен мүгедек балаларды, бірінші және екінші топтардағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін конкурс көрсетілген санаттар арасында бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемінен бекітілген квоталар бойынша өткізіледі.

Білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысушы тұлғалар үшін қабылдаудың көрсетілген квоталары барлық мәлімделген білім беру бағдарламалары тобына таратылады.

Квота бөлінген даярлық бағыттарында шығармашылық емтиханы бар білім беру бағдарламаларының тобы болған жағдайда, білім беру грантын беру кезінде ҰБТ-ға қатысушының тестілеу нәтижелері үтірден кейінгі бір белгіге дейін дөңгелектелген ең жоғары ықтимал балға пайыздық қатынаста салыстырылатын болады.

Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру гранттары аттестатының, куәлігінің немесе дипломының орташа балы жоғары тұлғаларға беріледі.

Аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балы бірдей болған жағдайда бейіндік пән немесе шығармашылық емтихан бойынша алған балдары ескеріледі.

57. Ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін квота көзделген білім беру бағдарламаларының топтарына арналған конкурс мынадай түрде өтеді: білім беру бағдарламаларының топтары бойынша гранттардың жалпы санының 70 пайызы жалпы конкурс тәртібімен беріледі, ал гранттардың қалған 30 пайызына конкурс тек ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін өткізіледі.

Қазақстан Республикасы ЖЖОКБҰ-ға қабылдау квотасы көзделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары тобының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

58. Ағылшын тілінде білім алу үшін жаратылыстану ғылыми пәндері бойынша (Физика, Химия, Биология және Информатика) мұғалімдерді даярлаудың білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім беру грантын беруге арналған конкурсқа мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде тілдік даярлығын күшейту үшін ЖЖОКБҰ-ның даярлық бөлімін бітірген тұлғалар және ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсырған тұлғалар, сондай-ақ, ҰБТ-ны қазақ (орыс) тілінде тапсырған және ағылшын тілін білу бойынша тестілеуден өткен немесе ағылшын тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары бар: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP – кемінде 460 балл), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл – кемінде 59), (TOEFL, шекті балл – кемінде 500 балл), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл – кемінде 5.0) ағылшын тілінде оқуға ниет білдірген тұлғалар қатысады.

Бұл ретте мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде тілдік даярлығын күшейту үшін ЖЖОКБҰ-ның даярлық бөлімін бітірген тұлғалар, сондай-ақ ҰБТ-ны қазақ (орыс) тілінде тапсырған және ағылшын тілінде оқуға ниет білдірген тұлғалар шет тілін (ағылшын) білуге арналған тестілеу тапсырады, ондағы шекті балл жоғары балдың 50 пайызынан төмен болмауға тиіс.

59. Білім беру саласындағы уәкілетті орган республикалық комиссия шешімінің негізінде бұйрық шығарады және оқуға түсушілерге куәлік береді.

Жоғары білімнің білім беру гранты иегерлерінің тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Грант иегері жоғары білімнің білім беру грантынан оқуға қабылданғанға дейін бас тартқан жағдайда куәлік және талапкердің өтініші білім саласындағы уәкілетті органға 15 қыркүйекке дейін тапсырылады.

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, оның ішінде карантин, төтенше жағдай енгізілген, жаһандық немесе өңірлік, сондай-ақ жергілікті ауқымдағы

әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде білім беру грантын тағайындау, куәлікті беру, білім беру грантын қайтару мерзімін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Мерзімнің өзгеруі туралы ақпарат білім беру саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында, бұқаралық ақпарат құралдарында, "электрондық үкімет" веб-порталының тиісті құрамдастарында жарияланады.

5. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне қабылдау тәртібі

60. Университетке оқуға қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге (қабылдау комиссиясы арқылы) немесе www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге университеттің қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 10 мен 25 тамызы аралығында ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін университеттің басқарма төрағасы - ректоры көрсетілетін қызметті алушыны университетке білім алушылар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

60-1. Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

60-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

60-3. *(60-3-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №9 хаттамасына сәйкес).*

Түсушілерді республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін университеттің студенттері қатарына қабылдауды университеттің басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылғы 10 мен 25 тамыз аралығында өткізеді.

Оқуға түсушілер университеттің қабылдау комиссиясына қабылдау туралы өтінішпен бірге:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжатын (төлнұсқа);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

3) 3 х 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;

4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше

жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

5) ҰБТ сертификатын;

6) ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);

7) білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті (бар болса) қоса береді.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары артықшылықты құқық және квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады.

Осы 1) тармақшада көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

61. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы Ереженің 6-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша) бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар университетке ағымдағы оқу жылына күндізгі оқу бөліміне шартты түрде ақылы негізде қабылданады.

Университетте академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы тұлғалар жыл бойы ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

Ағымдағы оқу жылында тапсырған ҰБТ нәтижесі бойынша осы Ереженің 6-тармағында белгіленген шекті балл жинаған тұлғалар күндізгі оқу нысанына бірінші курсқа қабылданады, шекті балл жинай алмаған тұлғалар университеттен шығарылады.

62. Университет Білім туралы Заңның 43-1-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Заңның 26-бабының 8 және 9-тармақтарында көрсетілген түсушілерді қоспағанда, қабылдау тәртібін, нысанын, қосымша

емтихан өткізу бағдарламасын және (немесе) даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, түсушілер үшін өту балын айқындайды.

Күндізгі толық оқу нысанында ақылы негізде бірінші курсқа қабылдау үшін даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып өту баллы негізінде қабылданады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім негізінде қысқартылған оқыту мерзіміне ақылы негізде бірінші курсқа қабылдау үшін өткізілетін түсу емтиханы түсушілермен әңгімелесу түрінде жүргізіледі.

63. *(63-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік алған адамдар университетке қабылдау жөнінде өтініш береді және университеттің басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен білім алушылар қатарына қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары "Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту және "Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

64. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Ереженің 6-тармағында белгіленген шекті балды жинаған жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар университеттің басқарма төрағасы - ректорының атына ақылы негізде қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін университеттің басқарма төрағасы - ректорының атына ақылы негізде қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер осы Ереженің 60-тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

65. ҰБТ-ның нәтижесі бойынша осы Ереженің 6-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар университеттің басқарма төрағасы - ректорының атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Осы Ережеде белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушіден құжат қабылдамайды.

66. Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау, қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

67. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде университет білім алушылар қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

68. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді.

69. Университет қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға университетке студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

II. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына (магистратура) қабылдау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне магистратураға қабылдаудың ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығымен «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде әзірленген.

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне магистратураға қабылдау ережесі жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

3. Университетке магистранттарды қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

4. Магистратураға тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Магистратураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады

5. Университетке шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

6. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

7. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы университеттің басқарма төрағасы - ректоры болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы университеттің басқарма төрағасы - ректоры бұйрығымен бекітіледі.

Қабылдау комиссиялары:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, КТ және/немесе түсу (шығармашылық) емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

8. *(8-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

(8-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №9 хаттамасына сәйкес).

Магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО- ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 15 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 5 қарашадан 18 қарашаға дейін.

Кешенді тестілеу:

1) күнтізбелік жылғы 20 шілдесі мен 10 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Магистратура қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

9. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистратурасына қабылдау келесі білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі:

БББ топтарының нөмері	**Білім беру бағдарламалары топтарының атауы**	**№**	**БББ коды**	**БББ-ның атауы**
7М01- Педагогикалық ғылымдар				
М001	Педагогика және психология	1	7М01104	Педагогика және психология
			7М01102	Педагогика және психология (бейіндік)
М003	Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау	2	7М01303	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
			7М01301	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі (бейіндік)
М006	Музыка педагогтерін даярлау	3	7М01407	Музыкалық білім
М008	Кәсіптік оқыту педагогтерін даярлау	4	7М01409	Кәсіптік оқыту (Көркем еңбек және арнайы пәндер)
М010	Математика педагогтерін даярлау	5	7М01510	Математика
			7М01501	Математика (бейіндік)
М011	Физика педагогтерін даярлау	6	7М01512	Физика
			7М01502	Физика (бейіндік)

М012	Информатика педагогтерін даярлау	7	7М01514	Информатика
			7М01503	Информатика (бейіндік)
М013	Химия педагогтеріндаярлау	8	7М01515	Химия
			7М01504	Химия (бейіндік)
М014	Биология педагогтерін даярлау	9	7М01517	Биология
			7М01505	Биология (бейіндік)
М016	Тарих педагогтерін даярлау	10	7М01619	Тарих
			7М01601	Тарих (бейіндік)
М017	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау	11	7М01724	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау
			7М01701	Қазақ тілі мен әдебиеті (бейіндік)
М018	Орыс тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау	12	7М01722	Орыс тілі мен әдебиеті
М019	Шетел тілдері педагогтерін даярлау	13	7М01723	Шетел тілі: екі шетел тілі
7М02Өнер және гуманитарлық ғылымдар				
М056	Аударма ісі, ілеспе аударма	14	7М02335	Аударма ісі
М060	Филология	15	7М02336	Филология
7М04 Бизнес, басқару және құқық				
М070	Экономика	16	7М04140	Экономика
			7М04101	Экономика (бейіндік)
М071	Мемлекеттік және жергілікті басқару	17	7М04139	Мемлекеттік және жергілікті басқару
			7М04102	Мемлекеттік және жергілікті басқару (бейіндік)
М072	Менеджмент және басқару	18	7М04141	Менеджмент
			7М04103	Менеджмент (бейіндік)
М073	Аудит и налогообложение	19	7М04142	Есеп және аудит
			7М04105	Есеп және аудит (бейіндік)
М074	Қаржы, банк және сақтандыру ісі	20	7М04144	Қаржы
			7М04104	Қаржы (бейіндік)
7М05 Жаратылыстану ғылымдары, математика и статистика				
М087	Қоршаған ортаны қорғау технологиясы	21	7М05247	Экология
			7М05201	Экология (бейіндік)
7М06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар				
М094	Ақпараттық технологиялар	22	7М06148	Информатика
			7М06101	Информатика (бейіндік)
		23	7М06149	Ақпараттық жүйелер
			7М06102	Ақпараттық жүйелер (бейіндік)
		24	7М06150	Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету
			7М06103	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (бейіндік)

7М07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары				
М097	Химиялық инженерия және процестер	25	7М07153	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы
			7М07101	Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы (бейіндік)
М099	Энергетика және электр техникасы	26	7М07155	Электр энергетика (Жаңартпалы энергетика)
		27	7М07156	Электр энергетика (Электр технологиясы)
М103	Механика және металл өңдеу	28	7М07158	Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша)
			7М07104	Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша) (бейіндік)
М124	Құрылыс	29	7М07365	Құрылыс
			7М07301	Құрылыс (бейіндік)
М125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі	30	7М07366	Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру
			7М07302	Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкция-ларын өндіру (бейіндік)
7М08 Ауылшаруашылығы және биоресурстар				
М131	Өсімдік шаруашылығы	31	7М08172	Өсімдік шаруашылығы
			7М08101	Агрономия (бейіндік)
М136	Аграрлық техника және технологиясы	32	7М08573	Аграрлық техника және технология
			7М08501	Аграрлық техника және технология (бейіндік)
М137	Су ресурстары және суды пайдалану	33	7М08674	Су ресурстары және суды пайдалану
			7М08601	Су ресурстары және суды пайдалану (бейіндік)
		34	7М08675	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау
			7М08602	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау (бейіндік)
7М11 Қызмет көрсету				
М150	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	35	7М11279	Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік)
			7М11201	Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік) (бейіндік)

2. Магистратураға КТ қабылдау және өткізу

10. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

11. Магистратураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 25 мен 28 тамызы аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы) немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандарт) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

Магистратураға түсуші тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген нысанда ұйым басшысының атына өтінішті;

2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсыру кезінде);

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

4) 3х4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;

5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

6) осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі (бар болған жағдайда).

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру түсушінің қатысуымен жүргізіледі. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Оқуға түсушілер осы тармақта көрсетілген құжаттарды ұсына отырып, өз қалауы бойынша онлайн режимінде өтініш береді.

12. Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

Түсу (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

13. *(13-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

(13-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №9 хаттамасына сәйкес).

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 6,0;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 60;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 498;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau C1/C1 деңгейі);

француз тілі: TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise) – C1 деңгейі, TCF (Test de connaissance du franzais), шекті балл кемінде – 50.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы ереженің II.1-қосымшасына сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратуруға түсу үшін КТ-дан босатылады.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы ереженің II.2-қосымшасына сәйкес балдармен GraduateRecordExaminations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратуруға түсу үшін КТ-дан босатылады.

"Бизнес және басқару" мамандарын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы ереженің II.3-қосымшаға сәйкес балдармен Graduate Management AdmissionTest (грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) GMAT стандартталған тестін тапсыру

туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін КТ-дан босатылады.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ университетке қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және жарамдылық мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде, сондай-ақ ақылы негізде университетке қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің "Шет тілі" (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

14. КТ:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін: шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша және оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін: қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

3) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін: ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі (таңдау бойынша) оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

4) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер үшін: шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдау бойынша) тесттен;

5) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін: білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тілдеріндегі (таңдау бойынша) тесттен тұрады.

Бұл ретте, осы ереженің 13-тармағында көзделген шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттардың біреуі бар тұлғалар магистратураға КТ шет тілі бойынша тестіден босатылады.

КТ бейінді пәндері көрсетілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес белгіленеді.

15. КТ тест тапсырмаларының саны:

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратура үшін:

1) шет тілі бойынша тест – 50;

2) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

3) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде: бірінші бейіндік пән бойынша – 30, екінші бейіндік пән бойынша – 20;

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін:

1) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде: бірінші бейіндік пән бойынша – 30, екінші бейіндік пән бойынша – 20;

оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін:

1) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша – 50 тест, оның ішінде: бірінші бейіндік пән бойынша – 30, екінші бейіндік пән бойынша – 20;

шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін:

1) шет тілі бойынша тест – 50;

2) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сыни ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін:

1) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест – 30, оның ішінде: сын тұрғысынан ойлау бойынша – 15, аналитикалық ойлау бойынша – 15;

2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде: бірінші бейінді пән бойынша – 30, екінші бейінді пән бойынша – 20.

16. КТ бойынша ең жоғарғы балл саны:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – 150 балл;

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін – 100 балл;

3) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін – 100 балл;

4) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер үшін – 80 балл;

5) араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 100 балл.

17. КТ-ға берілетін уақыт:

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін – 3 сағат 55 минут;

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут;

оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут;

шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 5 минут;

араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсушілер үшін – 2 сағат 40 минут.

18. КТ-ға қатысу үшін өтініш берген бірақ рұқсаттамада көрсетілген күні тестілеуге қатыспаған болса, тиісті тест тапсыру тіліне және білім беру бағдарламалары тобының бейініне сәйкес аудиторияда орын болған жағдайда және келесі дәлелді себептер бойынша КТ-ны өткізу кезеңінде келесі күндердің бірінде қатысу мүмкіндігі беріледі:

1) денсаулық жағдайы бойынша № 907 бұйрықпен бекітілген № 035-1/у нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған жағдайда;

2) тізбесі Кодексте айқындалған жақын туыстарының қайтыс болуын растайтын құжаттар болған кезде;

3) төтенше жағдайлар кезінде.

19. КТ нәтижелері тестілеу өткізу күні хабарланады және тестілеу нәтижелерімен www.testcenter.kz сайтында танысуға болады.

Электрондық сертификат Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

Күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.

Күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

3. Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру тәртібі

20. "Магистр" дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға республикалық бюджет қаражаты есебінен ақы төлеу үшін білім беру гранттары (бұдан әрі – жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру гранттары) оқуға түсушілер мәлімдеген білім беру бағдарламаларының бір тобы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру грантын беру туралы куәлік беріліп, кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) сертификатының балдарына сәйкес конкурстық негізде беріледі.

21. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста – КТ нәтижелерінің балдары, шығармашылық даярлықты

талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша КТ нәтижелерінің балдары, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихан нәтижесі ескеріледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін КТ нәтижесі бойынша:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратураға, оның ішінде шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша – кемінде 75 балл;

2) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға – кемінде 50 балл жинау қажет.

КТ нәтижелерінің көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, білім беру бағдарламаларының бейіндік тобы бойынша тестілеу нәтижесі бойынша балы жоғары адамға басым құқық беріледі, одан кейін білім алуға әзірлігін айқындау бойынша тест нәтижесі, бұдан әрі – шет тілі бойынша тестілеу нәтижесі, одан кейін дипломға қосымшадағы (алдыңғы білім деңгейі) GPA (Grade Point Average – Грейт Поинт Эверейдж) ескеріледі.

22. *(22-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №9 хаттамасына сәйкес).*

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші университеттің қабылдау комиссиясына немесе ақпараттық жүйе арқылы белгіленген үлгідегі бланкіде өтінішті береді:

1) күнтізбелік жылғы 20 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 13- 25 қарашада.

Магистратураға түсуші өтініште білім беру бағдарламасының тобын және үш ЖОКБҰ-ны көрсетеді.

Төтенше жағдай енгізілген, жаһандық немесе өңірлік, сондай-ақ жергілікті ауқымдағы, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау мерзімін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Мерзімнің өзгеруі туралы ақпарат білім беру саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында, бұқаралық ақпарат құралдарында, "электрондық үкімет" веб-порталының тиісті құрамдастарында жарияланады.

23. Республикалық комиссия шешімінің негізінде білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығы шығарылады және оқуға түсушілерге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру грантын беру туралы куәлік беріледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру гранты иегерлерінің тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру грантын беру туралы куәлікті қабылдау комиссиялары азаматтардың конкурсқа қатысу үшін тапсырған құжаттарымен бірге 27 тамызға дейін береді.

Қабылданғанға дейін жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантынан бас тартқан жағдайда білім беру грантын беру туралы куәлік білім саласындағы уәкілетті органға жіберіледі және күнтізбелік үш күн ішінде күші жойылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантын беру туралы куәлік қайтарылмаған жағдайда университетің қабылдау комиссиясы күнді және білім беру грантынан бас тартқан тұлғаның деректерін көрсете отырып, оның күшін жою туралы акт жасайды және университетің мөрімен бекітілген актіні күнтізбелік үш күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға тапсырады.

Университеттің басқарма төрағасы-ректоры жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру гранттарынан бас тартқан тұлғалар куәліктерінің білім беру саласындағы уәкілетті органға уақтылы қайтарылуына жауапты болады.

4. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне қабылдау

24. *(24-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №9 хаттамасына сәйкес).*

Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Ереженің II.4-қосымшасына сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы Ереженің II.4-қосымшасына сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

25. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша кешенді тестілеу және (немесе) түсу емтихандарының жиынтығы бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық және бейінді магистратура үшін II.4-қосымшаға сәйкес – кемінде 75 балл.

26. Университет білім беру саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

5. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқуға қабылдау

27. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер университетке 25 тамызға дейін:

1) өтініш (еркін нысанда);

2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);

3) КТ және шет тілі бойынша түсу емтихандарының сертификатын немесе осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген бағдарламаларға тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесін (бар болған жағдайда) және білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (бар болған жағдайда) (магистратура үшін);

4) еңбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);

5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

28. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс кешенді тестілеудің балына сәйкес жүргізіледі.

III. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына (докторантура) қабылдау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне докторантураға қабылдау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығымен «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде әзірленген.

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне докторантураға қабылдау ережесі жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

3. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне докторанттар қабылдау кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

4. Университет докторантурасына қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

5. Докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Университетке шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

6. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығымен бекітілген «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына» сәйкес танылады немесе нострификацияланады.

7. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы университеттің басқарма төрағасы - ректоры болып табылады. Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі университеттің басқарма төрағасы - ректоры бұйрығымен бекітіледі.

Қабылдау комиссиялары:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

8. *(8-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №9 хаттамасына сәйкес).*

Докторантураға түсушілердің өтініштерді қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 5 қарашадан 18 қарашаға дейін.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін

9. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің докторантурасына қабылдау келесі білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі:

БББ топтарының нөмері	**Білім беру бағдарламалары топтарының атауы**	**№**	**Білім беру бағдарламаларының коды**	**БББ-ның атауы**
8D01 Педагогикалық ғылымдар				
D001	Педагогика және психология	1	8D01101	Педагогика және психология
D003	Пәнсіз мамандандырылған педагогтерді даярлау	2	8D01303	Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі
D010	Математика педагогтерін даярлау	5	8D01510	Математика педагогтерін даярлау
D011	Физика педагогтерін даярлау	6	8D01511	Физика педагогтерін даярлау
D013	Химия педагогтерін даярлау	4	8D01513	Химия
D014	Биология педагогтерін даярлау	3	8D01517	Биология
D017	Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау	7	8D01721	Қазақ тілі мен әдебиеті
8D04 Бизнес, басқару және құқық				
D070	Экономика	8	8D04140	Экономика
D071	Менеджмент және басқару	9	8D04139	Мемлекеттік және жергілікті басқару
8D07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары				
D124	Құрылыс	10	8D07365	Құрылыс
D125	Құрылыс материалдарының, бұйымдарының және құрастырылымдарының өндірісі	11	8D07366	Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру

8D08 Ауылшаруашылығы және биоресурстар				
D131	Өсімдік шаруашылығы	12	8D08171	Агрономия
D137	Су ресурстары және суды пайдалану	13	8D08675	Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау

2. Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу тәртібі

10. *(10-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

11. Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 22 мен 28 тамызы аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) немесе портал арқылы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларының 1-1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін

қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

Докторантураға түсуші тұлғалар университеттің қабылдау комиссиясына және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы келесідей құжаттарды тапсырады:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

4) шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатын;

5)) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

6) 3х4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;

7) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеулер жүргізу жоспары, эссе және басқа құжаттар);

4) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

11. Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдау университеттің қабылдау комиссиясымен жүргізіледі.

12. *(12-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

(12-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №9 хаттамасына сәйкес).

Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/B2 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі: TFI (Test de Fransais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue fransaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue fransaise) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du fransais), шекті балл кемінде – 50;

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылық мерзімін университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

13. *(13-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсу емтиханын докторантураның білім беру бағдарламасына қабылдауды Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті дербес жүргізеді. Бұл ретте, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне түсуші тұлғалар докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын тек Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ғана тапсырады.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

13-1. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы:

1) эссе жазудан;

2) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен;

3) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

III.2-қосымшаға сәйкес қорытынды баға эссе, докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар нәтижелерінің қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Докторантураға түсу емтиханына 4 сағат беріледі.

13-2. Университет алқалық басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын бекітеді және университеттің ресми сайтында алқалық басқару органы бекіткен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды орналастырады.

14. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – университте білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

15. *(15-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар университеттің профессор-оқытушылық құрамының қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып университеттің басқарма төрағасы- ректорының бұйрығымен бекітіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

Оқуға түсуші тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), ЖЖОКБҰ және ББТ көрсетілген сауалнаманы толтырады және эссе жазуға көшеді, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, кездейсоқ түрде таңдалған білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жазбаша жауап береді және жұмыс нәтижелерін өзі таңдаған ЖЖОКБҰ-ға жібереді. Дайындық тестінің нәтижелерін ҰТО өңдейді.

Университеттің емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган нәтижені түсу емтиханы өткізілген күннен кейін келесі күні ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы хабарлайды.

16. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсу емтихандарының өткізу бағдарламасы мен кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) университет әзірлейді және қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі және түсу емтихандары басталғанға дейін 3 (үш) күн бұрын түсушілердің назарына жеткізіледі.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Түсу емтиханын өткізу қорытындысының баға ведомосы еркін түрде комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

Түсу емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

17. *(17-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Түсу емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін университетте апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

Апелляциялық комиссия докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Докторантураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

Өтініштер түсу емтихандары нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

18. «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар осы ережедегі III.1-қосымшаға сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда докторантураға түсу емтиханынан босатылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы және жарамдылық мерзімі университеттің қабылдау комиссияларымен тексеріледі.

19. Университет білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсу емтиханы аяқталғаннан кейін, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда түсу емтихандарын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ түсу емтихандарының қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

3. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне қабылдау

20. *(12-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №9 хаттамасына сәйкес).*

Докторантураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханының қорытындысы бойынша мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

21. *(21-тармақ жаңа редакцияда Директорлар Кеңесінің 2021 жылғы 24 маусымдағы №6 хаттамасына сәйкес).*

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест балдары, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

22. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар ЖЖОКБҰ арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылғы 5 қыркүйекке дейін қайтарылады.

Бұл ретте, ең алдымен тиісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары нәтижелерінің неғұрлым жоғары балл алған үміткерлері бар ЖЖОКБҰ-ның өтінімдері қанағаттандырылады. Аталған білім беру бағдарламасының тобы бойынша үміткерлер болмаған жағдайда, қайта бөлу тиісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтарының ішінде жүзеге асырылады. Дайындық

бағыты бойынша үміткерлер болмаған жағдайда қайта бөлу білім саласының ішінде жүргізіледі. Игерілмеген орындарды қайта бөлу күнтізбелік жылғы 30 қыркүйекке дейін уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

23. Университет білім беру уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Келісілді:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор м.а. — А.Т.Жунисов

Құрастырғандар:

Тіркеуші офис басшысы — М.М.Абжаев

Білім беру бағдарламаларды басқару бөлімінің басшысы — А.М.Мұхамбетжан

Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы — Л.А.Жусупова

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінің басшысы — Н.А.Сактаганова

Заңнамалық сілтемелер:

Қазақстан Республикасының 27 шілдедегі 2007 ж. «Білім туралы» №319 заңы (өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 31 наурызындағы №24-VII);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы №600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» (өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 5 қарашадағы № 554);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және "Ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырғаны туралы сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидалары» (өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 3 маусымындағы № 264);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 Қаулысымен бекітілген «"Бакалавр" немесе "магистр" дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидалары» (өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 5 тамыздағы № 539);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 9 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген «Кешенді тестілеуді өткізу қағидалары» (өзгерістер мен толықтырулар 2021 жылғы 25 ақпанындағы № 78).

I.1-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламалары топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы
Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары	
B001	Педагогика және психология
B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
B008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау
B009	Математика мұғалімдерін даярлау
B010	Физика мұғалімдерін даярлау
B011	Информатика мұғалімдерін даярлау
B012	Химия мұғалімдерін даярлау
B013	Биология мұғалімдерін даярлау
B014	География мұғалімдерін даярлау
B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау
B016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау
B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау
B019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау
B020	Арнайы педагогика мамандарын даярлау
Шығармашылықдайындықтыталапететінбілім беру бағдарламалары топтары	
B004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау
B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
B006	Музыка мұғалімдерін даярлау
B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау
B021	Орындаушылық өнер
B028	Хореография
B031	Сән, дизайн
B042	Журналистика және репортер ісі

І.2-қосымша

Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы

ББББ топтарының нөмірі	Білім беру бағдарламалары топтарының атауы	Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу формасы
1	2	3
Арнаулы дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары		
В001	Педагогика және психология	Педагогикалық жағдаятты шешу
В002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Педагогикалық жағдаятты шешу
В003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Педагогикалық жағдаятты шешу
В008	Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В009	Математика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В010	Физика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В011	Информатика мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В012	Химия мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В013	Биология мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В014	География мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В019	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В020	Арнайы педагогика мамандарын даярлау	Педагогикалық жағдаятты шешу
В084	Мейірбике ісі	Психометрикалық емтихан
В086	Жалпы медицина	Психометрикалық емтихан
В087	Стоматология	Психометрикалық емтихан
В088	Педиатрия	Психометрикалық емтихан

Шығармашылықдайындықты талапететін білім беру бағдарламалары топтары			
1	2	3*	4
В004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	Спорт түрлері бойынша нормативтер	Спорт ойындары
В005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Мамандану бойынша нормативтер	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер
В006	Музыка мұғалімдерін даярлау	Орындау шеберлігі	Жалпы музыкалық қабілетін көрсету
В007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	Сурет (адам бетінің гипстен жасалған маскасының суреті)	Кескіндеме (натюрморт)

В021	Орындаушылық өнер	Жеке (соло) бағдарламасын орындау	Музыкалық-теориялық пәндер бойынша ауызша және/немесе жазбаша емтихан (музыканың қарапайым теориясы/ гармония/ сольфеджио / этносольфеджио)
В028	Хореография	Орындау шеберлігі	Коллоквиум. Балетмейстер өнері бойынша тәжірибелік жұмыс.
В031	Сән, дизайн	Сурет, кескіндеме	Композиция немесе сызу
В042	Журналистика және репортер ісі	Шығарма	Кәсіпке жарамдылығын анықтау үшін әңгімелесу

* қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша

I.3-қосымша

SAT (ЭсЭйТи – САТ), ACT (ЭйСиТи), IB (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы Халықаралық стандартталған SAT тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

SAT халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест түрлері	Баллдар	Тест түрлері	Баллдар
SAT reasoning (САТ ризонинг)	1 050 балдан кем емес	1 блок (міндетті пәндер)	60
SAT subject (САТ сабджект)	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша 650 балдан кем емес*	2 блок (2 бейінді пән)	80

* "ағылшын тілі" пәні үшін IELTS нәтижелері ескеріледі

Ескерту: SAT балдарын ҰБТ-ға ауыстыру тек бір уақытта SAT subject және SAT reasoning сертификаттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. SAT subject нәтижелерін ҰБТ балына ауыстыру бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда ғана жүргізіледі.

ACT стандартталған тестінің халықаралық сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

ACT халықаралық стандартталған тест		ҰБТ	
Тест бөлімдері	Баллдар	Тест түрлері	Баллдар
English Mathematic Reading	әрбір бөлім бойынша кемінде 18 балл	1 блок (міндетті пәндер)	60
Science (биология, география, химия, физика)	кемінде 18 балл*	2 блок (2 бейінді пән)	80

* "ағылшын тілі" пәні үшін IELTS нәтижелері ескеріледі.

IB Халықаралық бакалавриат бағдарламасының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндер/ бағалар	IB						
		1	2	3	4	5	6	7
1	Қазақ тілі (оқу сауаттылығы)	6	9	12	15	17	19	20
2	Қазақ тілі (бейіндік пән)	12	18	24	30	34	38	40
3	Орыс тілі (оқу сауаттылығы)	6	9	12	15	17	19	20
4	Орыс тілі (бейіндік пән)	12	18	24	30	34	38	40
5	Қазақстан Тарихы	6	9	12	15	17	19	20
6	Математика (Математикалық сауаттылық)	6	9	12	15	17	19	20
7	Математика (бейіндік пән)	12	18	24	30	34	38	40
8	Бейіндік пәндер	12	18	24	30	34	38	40

II.1-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	Педагогикалық ғылымдар» білім салаларына арналған, «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар» кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар», «Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары» білім салаларына арналған, «Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	кемінде 160 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
			Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70
Verbal Reasoning	145 балдан кем емес	кемінде 140 балл	Шет тілі бойынша тест	50
Analytical Writing	3 балдан кем емес	2 балдан кем емес		

II.2-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталғантест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	«Педагогикалық ғылымдар» білім салаларына арналған, «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар» кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	«Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар», «Инженерлік, өндейтін және құрылыс салалары» білім салаларына арналған, «Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	160 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
			Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70

II.3-қосымша

GMAT стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

GMAT халықаралық стандартталған тест		Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	«Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тест түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 40 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Integrated Reasoning	кемінде 4 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70
Verbal Reasoning	кемінде 20 балл	Шет тілі бойынша тест	50
Analytical Writing	кемінде 3 балл		

II.4-қосымша

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	20	40
Барлығы			130	150

III.1-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын докторантураға түсу емтиханы балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			Түсу емтихандары	
Тест секциялары	«Педагогикалық ғылымдар» білім салаларына арналған, «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар» кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	«Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар», «Инженерлік, өндейтін және құрылыс салалары» білім салаларына арналған, «Бизнес және басқару» кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар		Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 159 балл	кемінде 164 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша түсу емтиханы	100
Verbal Reasoning	149 балдан кем емес	145 балдан кем емес	Жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат	100
Analytical Writing	3 балдан кем емес	2 балдан кем емес		

III.2-қосымша

Докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы

Тест түрлері	Балл
Эссе	20
Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы	100